

Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3986. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Мемлекеттік басқару жүйесінің пәрменділігін арттыру, Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарының функцияларын нақтылау мақсатында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті оның функциялары, мүлкі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментіне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен жекешелендіру жөніндегі департаментіне беріле отырып;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау департаменті, оның функциялары, мүлкі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беріле отырып таратылсын.

2 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі оны Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган етіп өзгерту және оның құрамынан Статистика және талдау жөніндегі комитетті бөліп шығару жолымен;

2) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі оны Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитет құрамынан бөліп шығару жолымен;

3) Статистика және талдау жөніндегі комитет оны Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық статистикалық агенттігі етіп өзгерту жолымен;

4) Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитет оны Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган ретінде Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті етіп өзгерту жолымен қайта құрылсын.

3. Қазақстан Республикасының табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетін Төраға - Қазақстан Республикасының Министрі басқарады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің төрағасы бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі туралы ереженің жобасын Мемлекет басшысының қарауына табыс ететін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкі:

1) Үкіметтің бұрын шығарылған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қолданатын болсын.

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті